

Алматы облысының аумағындағы Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзет аймағы мен табиғатты пайдалану режимін белгілеу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 06 ақпандағы N 33 қаулысы, Алматы облысының Әділет департаментімен 2013 жылы 04 наурызда N 2309 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 123-бабына, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 10, 18, 43-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Алакөл мемлекеттік табиғи қорығын қолайсыз сыртқы әсерлерден ерекше күзету және қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Алматы облысының аумағындағы Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының жер пайдаланушылары мен меншік иелерінен жер учаскелерін алып қоймай, ені кем дегенде екі шақырымнан күзет аймағы мен табиғатты пайдалану режимі белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Алакөл мемлекеттік табиғи қорық" мемлекеттік мекемесіне күзет аймағының шекарасын арнайы белгілермен белгілеу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбекұлы Досымбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұсаханов

О б л ы с			ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3	ж ы л ғ ы	0 6	а қ п а н д а ғ ы
"Алматы	облысының		аумағындағы
Алакөл	мемлекеттік		табиғи
қорығының	күзет	аймағы	
мен	табиғатты	пайдалану	режимін
белгілеу	туралы"	N	33 қаулысына
қосымша			

Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзет аймағындағы табиғатты пайдалану режимі

1. Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының (бұдан әрі-табиғи қорық) күзет аймағында жер пайдаланушылардың табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануды қамтамасыз ететін дәстүрлі шаруашылық қызметінің негізгі түрлеріне рұқсат етіледі.

2. Табиғи қорықтың күзет аймағында мыналарға тыйым салынады:

1) жаңа елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге;
2) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар е н г і з у г е ;

3) жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін зәрлі улы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;

4) атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;

5) пайдалы қазбалар өндіруге;

6) әуесқойлық (спорттық) және кәсіпшілік аң аулауға;

7) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;

8) Табиғи қорықтың экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертетін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға;

9) жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге;

10) Табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін басқа да қызметке тыйым салынады.

3. Табиғи қорықтың күзет аймағында оның экологиялық жүйесіне келеңсіз әсер етпейтін шаруашылық әрекеттің әр алуан түрлері жүзеге асуы мүмкін:

1) орман шаруашылық әрекеті;

2) мал жайылымы және шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық саналуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі өзге де қызмет;

3) туристік және рекреациялық қызмет;

4) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды пайдалану ;

5) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау;

6) орман және дала өрттерін сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу ;

7) бүлінген жерлерді рекультивациялау;

8) орман және өзге де өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіру;

9) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;

10) жер учаскелерін туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемикалық, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін жасанды жолмен көбейту, өсіру, өндіру үшін питомниктер салу, табиғи қорық қызметкерлерінің тұруы үшін қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу, оларға қызмет бабындағы жер үлестерін беру үшін пайдалану.

4. Табиғи қорықтың күзет аймағында "Алматы облысының аумағындағы Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзет аймағы мен табиғатты пайдалану режимін белгілеу туралы" облыс әкімдігі қаулысына қосымшаның 3 тармағында аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге, сондай-ақ табиғи қорық қорының өзге объектілеріне қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.